



Темірғалин Молдабай (1905 - 1974 жж)

Темірғалин Молдабай Батырғалыұлы 1905 жылы 15 маусымда Семей облысы, Бесқарағай ауданы, Беген ауылында кедей шаруаның отбасында дүниеге келген. Темірғалин Молдабай ауылдық бастауыш мектепті бітіргеннен соң, сауатсыз шаруалар мен батрақтар арасында советтік республиканың декреттерін насихаттау жұмысына белсене кірісті. 1924 жылы Беген ауылында комсомол мүшесіне қабылданды.

Алғашқы еңбек жолын 1924 жылдан 1926 жылға дейін ауылдық оқу үйін меңгеріп, комсомол жастар ұйымының хатшысы болып істеді. 1927 жылдан ВКП(б) мүшесі.

Бұдан кейін 1926 жылдан 1929 жылға дейін Молдабай Семей облысы Бесқарағай аудандық комсомол комитетінің хатшысы болды. 1929 жылдан 1931 жылға дейін Бесқарағай және Ұржар аудандарында колхозшылар одағының председателінің орынбасары қызметін атқарды. 1931 - 1932 жылдары Москвада Жоғарғы Колхоз Мектебін ойдағыдай бітіріп шықты.

1932-1936 жылдары Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының жер бөлімінің бастығы, 1936-1940 жылдары осы ауданның Ұлан МТС директоры, 1940-1942 жылдары Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының Ақжар МТС директоры қызметтерін атқарды.

Темірғалин Молдабай 1942-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысты, 387-ші атқыштар дивизиясының 1271-атқыштар полкының минамет взводының командирі, 346-шы атқыштар дивизиясының 1168-атқыштар полкының рота командирінің саяси жұмыстары жөніндегі орынбасары болды. Екі рет ауыр жараланды.

Соғыстан кейін 1945-1946 жылдары ол Тарбағатай ауданындық партия комитетінің әскери бөлімінің меңгерушісі, 1946 - 1954 жылдары Самар ауданының Совет МТС директоры қызметтерінде бола отырып, 1949 - 1950 жылдары Алматы ауыл шаруашылығы басшы қызметкерлерінің республикалық курсы бітірді.

1954 жылы Темірғалин Молдабай партияның нұсқауымен Павлодар облысына тың игерушілер отрядының бастығы болып жіберілді.

Соңғы жылдары Молдабай Лебяжі МТС - да агроном, одан кейін Лебяжі ауданы Шарбакты Селолық Советінің председателі болды.

1959 жылы Темірғалин Молдабай құрметті демалысқа шықты.

Ол Семей уездік комсомол конференциясының біріншіден жетінші шақырылуына дейін делегат болып сайланып отырды.

Сол сияқты Семей губерниясының I - ден VII - шіге дейінгі шақырылу партия конференциясының делегаты болды және I - II Бүкіл қазақстандық колхозшылар съезінің делегаты болып сайланды. 4-ші ден 12-ге дейінгі шақырылу Шығыс-Қазақстан облысы Самар аудандық партия конференцияларына, 10-шы, 11-ші Шығыс Қазақстан облыстық партия конференцияларна, 12-ші ден 15-шіге дейінгі Павлодар облысы Лебяжі аудандық партия конференцияларына делегат болып сайланды.

Партия мен үкіметіміз Темірғалин Молдабайдың жауынгерлік және еңбек жолын жоғары бағалап, оны Қызыл жұлдыз орденімен, көптеген Совет Одағының медальдарымен наградтады.

Партия ісінің салтанаты жолында әрдайым селолық тілшінің жауынгерлік қаламымен күресті. Зейнет демалысында бола отырып, өз өмірінің соңғы күндеріне дейін ол баспасөздің белсенді қызметкері болып, үлкен қоғамдық үгіт - насихат жұмыстарын жүргізді. Молдабай Семей облыстық «Семей таңы», Павлодар облыстық «Қызыл ту», Лебяжі аудандық «Ленин жолы» газеттерінің белсенді тілшісі болды.

Темірғалин Молдабай үш ұл, бір қыз және көптеген немерелерін тәрбиелеп өсірді.

2014 жыл